

~~Траш-Паш~~

Траш-Паш

~~Траш~~

«El Umiti» Қоры ұйымдастыруымен өткізіліп жатқан

эссе жазу конкурсының қатысушысы — Андраш Балнұр.

«Жетістікке жету жолы!»

Жетістікке қол жеткізу – бір күнді іс емес. Жетістік – өмір жолындағы биік асуларға шығу, қиындықтарға төтеп беру, даму. Оны тек материалдық жағдаймен немесе беделді лауазыммен теңестіру қате. Егер, сіз бойыңыздағы қорқынышты жеңе алсаңыз не жаңа іс бастауға шешім қабылдасаңыз, біліміңізді арттырсаңыз, бұл да қуаныш сыйлар жетістік деп білемін.

Табысқа жетудің формуласы жоқ. Әр адам мұны өзіндік түрде жасайды. Біреудің өмірінде сәттілік бар, енді екіншісі жылдар бойы аянбай жұмыс істейді. Қалай болғанда да, әрекет ету керек. Ал менің жетістікке жету жолым кішкентай кезімнен басталды. 2014 жылы өнер жолындағы тұңғыш қадамымды жасадым. Яғни, Жарма ауданының «Өнер мектебінде» би үйірмесіне қатыса бастадым. Бидегі бір жылымда көптеген табыстарға жетіп, өнерге қызығушылығым арта түсті. 9 жасымда «Ақындар сыныбына» жазылдым. Соның арқасында өзімді жаңа қырдан тани бастадым. Жан-жақты даму, бойымдағы қабілеттерімді ашу мақсатында сурет үйірмесіне де қатысуды жөн көріп, үш жыл бейнелеу өнерінің қыр-сырын меңгердім. Он бір жасымда көңілімнің қалауы музыка екенін түсіндім. Бұл өнерге деген қадамымды қазақтың киелі қара домбырасынан бастадым. Домбыра бойынша үшінші сыныбында оқыған кезімде қосымша аспап ретінде жаңадан ашылған «Шертер сыныбына» жазылдым. Көп жылдық еңбегімнің арқасында Жарма ауданы Өнер мектебінің «Ұлт-аспаптар оркестрі» және «Шабыт» домбырашылар ансамбль-інде басты шертерші мен домбырашымын. Оркестр мен ансамбль мүшесі ретінде Республикалық «Жас музыкант» конкурсында жүлделі 1-орын иелендік. Аудандық «Үкілі домбыра» байқауында Бас Жұлдені жеңіп алдым. 2023-жылы бес жылдық домбыра сыныбын аяқтап, арнайы білімі мен куәлігі бар домбырашы болдым. Өнерде жанған жұлдызым мектепте де лайықты орнын тапты. Алтыншы сынып оқығанымда Ұлттық «Мың Бала» олимпиадасының жеңімпазы атандым. Оған қоса мектепшілік, аудандық, облыстық және республикалық сайыстарда жүлделі орын иегері болдым. Осы уақыт бойы облыстық ғылыми жобалардан жүлделі орындарға, дебат саласы бойынша «Үздік спикер» атағын алып, республикалық сайыстарда еңбегім ақталды. Абай облысы бойынша «Жыл оқушысы» байқауында жүлделі орынға аяқ тіредім. Он алты жасымда мектептің ғана емес отбасым мен туыстарымның мақтанышына айналдым. Адамгершілік, мейірімділік, парасаттылық пен ізгі қасиеттерімнің арқасында адамдармен тез тіл табыстым. Беделді жарыстарға қатысып, еліміздің түпкір-түпкіріндегі дарынды оқушыларымен танысып, өзіме адал достар таптым.

Бүгінгі күні жастарға өте көп мүмкіндік беретін «El Umiti Премиясы» жобасына қатысудамын. Бұл жоба дамуыма аса үлкен ықпалын тигізді. Ең алдымен, өзімді жетілдіру жолын іздеуге машықтандырды. Екіншіден, «Тәуелсіздік бастаулары — мұражай» бейнероликтер конкурсы арқылы өлкедегі мұражайды жаңа қырынан зерттедім, таным көкжиегімді кеңейттім. Тәуелсіз Қазақстан тарихы бойынша интеллектуалды викторинаға қатысып, патриоттық сезімім оянды, тарихқа көз жүгірттім. Әр сайысқа қатысып отырып ауқымды бұқарадан қысылмайтын болдым. Үшіншеден, жеті бағыт бойынша дами отырып тұлға ретінде шындалдым. Премия жеңімпазы атану үшін бойымдағы жауапкершілік екі есе артты. Жалпы, Ел Үміті мен үшін жаңа жетістіктер есігін ашқан ауқымды жобалардың бірі. Алдағы уақытта бірінші кезеңнен сәтті өтіп, жазғы білім лагеріне баруды қалаймын. Елбасымыздың бізге артқан үмітін ақтаймын деген сенімдемін.

Қажетті мақсатқа жетпес бұрын, сынақтар мен сәтсіздіктерден өтіп, құлап, қайта тұруды үйрену керек. Тек жүзінші, мүмкін мыңыншы әрекет сәттілікпен аяқталатынын түсіну маңызды. Табысқа жетуді армандайтын адамға ең бастысы өзіне және ертеңге деген сенім екенін түсіну және есте сақтау керек. «Жетістік дегеніміз — бір сәтсіздіктен екіншісіне ынта-жігеріңді жоғалтпай, нық қадаммен жылжу», - деп Уинстон Черчилль айтқандай, менің де биік асуларға шығуым тек жеңіс пен қуанышқа толы болмады. Қазіргі «мен»-імнің қалыптасуы қажымас қайрат, жүректегі от, төзімділік пен орасан зор еңбегімнің арқасы. Жетістікке жетуге ұмтылған сайын ұнжырғамды түсірер жеңілістер де болды. Бірақ, мен берілмедім. Керісінше, бір шалынған жерден екінші рет қайта шалынбауға тырысып, екі есе жоғары нәтиже көрсетудемін.

Ойымды қорытындылай келсем, жетістікке жетер жол оңай емес. Ол үшін болашағымызға нақты мақсаттар қойып, қиындықтарға мойымай, тыңбай еңбектенуіміз қажет. Ең бастысы, кемеңгер Абайдың «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап.» деген сөзін жадымыздан шығармайық. Өзімізге деген сенім мен талап жетістікке бастары анық.